

Кәсіподақ оқуын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс жағдайы және оның тиімділігін арттыру бойынша кәсіподақ органдарының міндеттері туралы ақпарат

Кәсіподақтың Орталық Комитеті жұмысының басым бағыттарының бірі кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту болып табылады. Жүйелі түрде оқыту – кәсіподақ мүшелігіне оң көзқарасты қалыптастыруға, қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді нысандары мен әдістерін дамытуға ықпал етеді.

Кәсіподақ оқуының жағдайы кәсіподақ қозғалысының даму тенденцияларымен тығыз байланысты және жұмысшыларды әлеуметтік-экономикалық қорғаудың тиімді жұмыс істейтін институты ретінде кәсіподақтың нығаюына тікелей әсер етеді.

Кәсіподақ кадрларын даярлауға үлкен мән беріліп, қажетті көлемде материалдық және кадрлық ресурстармен қамтамасыз етілуде. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары оқудан өткендердің санын арттыру бойынша жұмыстар жүргізуде.

Соңғы 3 жылда 269 045 адам кәсіподақ оқуынан өтті, алдыңғы жылдармен салыстырғанда динамика айтарлықтай байқалады:

2020 ж. – 68 037 адам.

2021 ж. – 89 679 адам.

2022 ж. - 111 329 адам.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес оқу-әдістемелік орталығын құру, тәжірибеге кәсіподақ кадрлары мен белсенділерінің біліктілігін арттырудың жаңа жүйесін енгізу көзделген. Ал, Кәсіподақтағы кәсіподақ оқуы тұжырымдамасы кәсіподақ кадрлары мен белсенділерін 3 деңгейде оқытуды көздейді және мыналарды қамтиды:

- кәсіподақ оқуының аудандық, қалалық мектептері;
- кадрлар мен активті кәсіподақ оқуының облыстық, аумақтық мектептері;
- Кәсіподақтың Орталық комитеті жанындағы Оқу орталығы.

Бұл ақпаратты дайындау үшін Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппараты мүшелік ұйымдардан ақпарат сұрады.

Жүргізілген талдауға сәйкес кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту негізінен қысқа мерзімді оқыту жүйесі негізінде жүргізіледі. Кәсіподақ ұйымдары кәсіподақ қызметінің өзекті мәселелері бойынша бір реттік семинарлар немесе кездесулер өткізумен шектеледі. Кәсіподақтың Орталық комитетінің ұсыныстары толық орындалмай отыр.

Оқыту мәселесінде жүйелілік болмағандықтан жергілікті жерлерде кәсіподақ активін оқыту жұмыстары төмен деңгейде екендігі байқалады. Мысалы, 2022 жылы Атырау облыстық ұйымында кәсіподақ оқуымен 319 адам қамтылды, бұл кәсіподақ мүшелерінің жалпы санының 1% құрайды,

Алматы қалалық ұйымы – 120 адам (7%), Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымы – 1062 адам (6%), Жамбыл облыстық жергілікті кәсіподағы – 4640 адам (7%), Жетісу облыстық жергілікті кәсіподағы – 1320 адам. (4,4%), Қарағанды облыстық ұйымы – 2748 адам (8,8%), Қостанай облыстық «Қорғау» ұйымы – 224 адам (2,4%), Түркістан облыстық кәсіподақ ұйымы – 1122 адам (7%), Абай облыстық кәсіподақ ұйымы – 1259 адам (5%), Ақмола облыстық ұйымы – 2549 адам (7%).

Кәсіподақ оқуымен қамтудың жоғары көрсеткіштерін: Астана қаласының кәсіподақ ұйымы – 10 256 адам (50%), Батыс Қазақстан облысы – 7507 адам (20%), Павлодар облыстық ұйымы – 12 630 адам (32%), Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымы – 9398 адам (36%) көрсетіп отыр.

Кәсіподақ қызметкерлері құрамы жас кадрлармен, сондай-ақ заманауи кәсіподақ қозғалысының негіздерін білетін мамандармен баяу толықтырылууда.

Кейбір өңірлерде кадрлар мен активті оқытудың облыстық, аумақтық мектептері толыққанды жұмыс жүргізбей отыр. Мәселен, «Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің «Жетісу» жергілікті кәсіподағы» ҚБ 2024 жылы ғана жаттықтырушылар пулын қалыптастыру және кәсіподақ көшбасшысы мектебін құру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр. Батыс Қазақстан облыстық ұйымында кабинеттердің болмауына байланысты оқу-әдістемелік кабинеттері ашылмады.

Кәсіподақ кадрлары мен активін тиімді оқытудың негізгі шарттарының бірі – оқыту жүйесін қаржылық қамтамасыз ету. Кәсіподақтың Атқару комитетінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 2 қаулысымен бекітілген «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ мүшелік кәсіподақ жарналарын төлеу, бөлу және жұмсау тәртібі туралы» Ережеге сәйкес кәсіподақ кадрларын дайындау және кәсіподақ активін оқыту үшін жұмсалатын шығындардың кемінде **10% төлеу тәртібі қарастырылған**. Осы ережеге сәйкес, өңірлердің көпшілігінде кадрларды даярлауға қаражатты жұмсау тәртібі сақталмаған. Кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуға 2023 жылы бөлінген қаражат жылына 183 818 теңгеден 5 миллион теңгеге дейін құрайды. Ұсынылған ақпаратқа байланысты қазіргі таңда Қарағанды облыстық ұйымы тарапынан тиісті деңгейде қаржы бөлініп отыр. Шығыс Қазақстан облысының жергілікті кәсіподақ ұйымының кәсіподақ органдары кәсіподақ оқуын ұйымдастыруға және өткізуге жыл сайын шамамен 3 млн.теңге қаржы жұмсайды. Сондай-ақ, Жамбыл облысы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымында оқуға бөлінген қаражаттың ұсынылатын мөлшері жалпы мүшелік жарнаның 2 % құрайды.

Кәсіподақтың Атқару комитетінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 8 қаулысымен бекітілген Кәсіподақта кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту тұжырымдамасында үшінші кезеңнің (2022-2024 ж.ж.) негізгі басымдығы кәсіподақ оқуы жүйесінің тұрақты және тиімді қызметі, заманауи ақпараттық

технологиялар негізінде оқыту сапасы мен әдістемесін әрі қарай жетілдіру болып табылады.

Жалпы, 2022 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кәсіподақ оқуын өткізген өңірлер – Батыс Қазақстан облыстық ұйымында (+6 919) және Астана қаласының кәсіподақ ұйымында (+5 689) өсу динамикасын көруге болады.

Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының мамандары 2021-2023 ж.ж. білім беру ұйымдарындағы 6 503 келісу комиссиясының мүшелеріне жеке еңбек дауларын шешу бойынша оқыту ұйымдастырды. Олардың ішінде:

Ақмола облысы – 1 447;

Ақтөбе облысы – 268;

Алматы қ. «Ұстаз» - 1298;

Алматы қ. – 87;

Жетісу облысы – 658;

Батыс Қазақстан облысы – 577;

Қарағанды облысы – 38;

Қостанай облысы «Қорғау» - 658;

Қызылорда облысы – 390;

Павлодар облысы – 235;

Түркістан облысы – 654;

Шымкент қ. – 193.

Абай, Атырау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау облыстарында келісу комиссияларының мүшелерін оқытуды облыстық ұйымдар аппараттарының мамандары жүргізеді.

2023 жылы Кәсіподақтың Орталық комитеті жанындағы оқу орталығында 250-ден астам кәсіподақ қызметкерлері оқудан өтті. Сондай-ақ биылғы жылы Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының мамандары мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілін тарта отырып, жоғары оқу орындарының кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен семинар-кеңес өткізілді.

«Ұстаз» Алматы қалалық, Астана қалалық, сондай-ақ Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Павлодар облыстық ұйымдары кәсіподақ оқуын ұйымдастыру мәселелерін басқару органдарының отырыстарында жүйелі түрде қарастырады, бұл кәсіподақ жұмысының тиімділігін арттыруға тиімді әсерін береді.

Кәсіподақ қызметін ақпараттық қамтамасыз ету бағытында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл саласындағы қызметті жетілдіру арқылы кәсіподақтың оң имиджін нығайту және кәсіподақ мүшелігіне ынталандыруды күшейту бойынша жұмысты жандандыру, жаңа PR-технологияларды және интернет желісіндегі басқа да алаңдарды пайдалану негізінде ақпараттық кеңістікті кеңейту басым бағыт болып қала береді.

Мысалы, Павлодар облысында 2022 жылы YouTube желісінде ресми «LableProf» арнасы, 2023 жылдан бастап «Кәсіподақ толқыны» облыстық медиа студиясы, Павлодар облысының Тереңкөл ауданында «ProfTV» ресми

арналары ашылды. Салалық кәсіподақ тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында «Kasipodaq Kerueni» жобасы іске қосылып, оның аясында бастауыш ұйымдардың төрағалары, сондай-ақ жас педагогтар мен басқа да белсенділер білім алуда.

Өткізілген кәсіподақ семинарлары мен оқытулар туралы ақпараттарды «Ұстаз» Алматы қалалық, Астана қалалық, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстық ұйымдары бұқаралық ақпарат құралдарында (соның ішінде кәсіподақ сайтында, әлеуметтік желілерде) кеңінен жариялайды.

Абай облысы Семей қалалық кәсіподақ ұйымы әр айдың үшінші сейсенбісінде бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағаларының жұмысында туындайтын түрлі мәселелерді талқылап, осы мәселелердің шешімін табу бойынша кәсіподақ активі мектебінде оқытулар өткізеді. Семей қалалық кәсіподақ ұйымының оң жұмыс тәжірибесін ерекше атап өту қажет. Сондай-ақ, Семей қалалық кәсіподақ комитеті бастауыш ұйымдардың базасында төрағаларға оқу курстарын өткізеді. Оқу барысында іс қағаздар, кәсіподақ комитетінің ұйымдастыру жұмыстары, әлеуметтік әріптестік мәселелері ұсынылып, әріптестерінің жұмыс тәжірибесімен танысады, кәсіподақ комитеттерінің жұмысы туралы тікелей пікір алмасулар жүргізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы білім және ғылым қызметкерлері жергілікті кәсіподағының Атқару комитеті жанында Әдістемелік кеңес – кеңесші және ұжымдық орган жұмыс істейді. Ол кәсіподақ кадрлары мен активінің жұмыс бағытын ұйымдастырады, олардың шығармашылығын дамытуға жағдай жасайды, семинарлар өткізуге белсене қатысады. Семинарлар өткізуге «Өрлеу» БАҰО» АҚФ оқытушылары да шақырылады.

2021 жылы Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппараты мүшелік ұйымдардың кадр жұмысына жауапты мамандарымен онлайн режимде еңбек шарттарын тіркеудің бірыңғай жүйесі мәселелері бойынша семинар ұйымдастырды. Сондай-ақ, Кәсіподақтың техникалық инспекторларымен де жыл сайын республикалық семинарлар өткізіліп тұрады. 2022 жылы мүшелік ұйымдар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша 795 оқыту семинарын өткізді.

Алдағы уақытта оқулар санын көбейтіп қана қоймай, олардың формасы мен мазмұнын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

Ұйымдастыру жұмыстары бөлімі